

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

«Мирас» университеті
Педагогика, өнер және тілдер факультеті

Химия және биология кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Университет ректоры

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Университет «Мирас»

Факультет Педагогика, искусства
и языков

Кафедра химии и биологии



Ректор университета

Мирзалиев Б.А.

(қолы/подпись) (Signature)

« 31 »

2017 ж.г.

6М060700 – «Биология»

мамандығы бойынша

Ғылыми және педагогикалық бағыт

МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
МОДУЛЬНАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

по специальности

6М060700 – «Биология»

Научное и педагогическое направление

Оқу бағдарламаның дәрежесі:	Магистратура (Ма)
Уровень образовательной программы:	Магистратура (Ма)
Оқу мерзімі (оқу үлгісі):	2 жыл (күндізгі)
Срок обучения (форма обучения):	2 года (очная)
Оқудың басы:	2017-2018 оқу жылы
Начало обучения:	2017-2018 учебный год

Ғылыми Кеңес мәжілісінің хаттамасы

Протокол заседания Ученого Совета

№ Хаттама

Протокол № 10 от « 31 » 05 2017 ж.г.

Модулдік білім беру бағдарламасы 6M060700 – «Биология» мамандығы бойынша жоғары білім беруден кейінгі МЖМБС сәйкес құрастырылған және ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген (13.05.2016ж. өзгертулермен), 6M060700 – «Биология» мамандығының Типтік оқыту жоспарымен сәйкестендіріліп, ҚР білім және ғылым министрлігінің 16 тамыз 2013 жылғы № 343 Бұйрығымен бекітілген (05.07.2016ж. өзгерістерімен және толықтырылуымен).

Модулдік білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми Кеңесі шешімімен ұсынылып, 2017 жылдың 1 қыркүйегінен іске қосылады, хаттама № 10. 31.05.2017ж.

Әзірлеушілер:

1. Сулейменова М.Т., б.ғ.к., химия және биология кафедрасының қауымдастырылған профессоры
2. Қуанышова С.Е., химия және биология кафедрасының аға оқытушысы
3. Унгарбаева А.С., магистр, химия және биология кафедрасының аға оқытушысы
4. Мошқалов Б.М., «Сырдария-Түркістан мемлекеттік аймақтық табиғат саябағы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры
5. Эрметова Э.К., № 3 Улугбек атындағы орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі
6. Толтебаев С.К., № 2 үш тілде оқытатын мектеп-интернатының директоры

Бұл Модулдік оқыту бағдарламасы «Мирас» университетінің меншігі болып табылады және университеттің білім беру қызметіндегі ішкі қолданысына арналған

МАЗМҰНЫ

1	Модульдік білім беру бағдарламасының төлқұжаты
1.1	Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері.....
1.2	Білім беру бағдарламасына сипаттама.....
1.3	Мамандарды болашақта жұмысқа орналастыру.....
1.4	Бітірушілерге біліктілік сипаттамасы.....
1.4.1	Кәсіби қызмет саласы.....
1.4.2	Кәсіби қызмет нысаны.....
1.4.3	Кәсіби қызмет мәні.....
1.4.4	Кәсіби қызмет түрі.....
1.4.5	Кәсіби қызметтің функциялары.....
1.4.6	Кәсіби қызметтің типтік міндеттері.....
1.4.7	Кәсіби қызметтің бағыттары.....
1.4.8	Кәсіби қызмет мазмұны.....
2	Оқыту нәтижесі және негізгі құзырет
2.1	Оқыту нәтижелерінің картасы.....
2.2	Компетенция дескрипторларын білім беру бағдарламасының модульдеріне оқыту нәтижесімен түйіндестіру қалыптамасы.....
3	Модульдік білім беру бағдарламасы
3.1	Оқу үрдісінің кестесі.....
3.2	Модульдік білім беру көлемінің бағдарламасымен игерілген кредиттер санын көрсететін жиынтық кесте.....
3.3	Білім беру бағдарламасының картасы
4	Оқуға қабылдау ережелері
5	Білім алушылар жетістіктерін бақылау түрі

1 Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары және міндеттері

Ғылыми және педагогикалық магистратура жоғары оқу орнын бітірген, білімін әрі қарай жалғастырудағы, білім алу бағдарламасын меңгеру және жоғары білім беру жүйесінде, жоғары білім алғаннан кейінгі жүйеде және ғылым аясында, құқық сақтау әрекеттерінде терең біліммен қаруланған ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлайды.

Білім беру бағдарламасының мақсаты – бәсекеге қабілетті қоғамның мәдени және әлеуметтік экономикалық, алдыңғы шептегі ғылыми-техниканың дамуын қамтамасыз ететін, жоғары рухани-адамгершілігі сапаларымен, өз бетінше ойлауға қабілетті, білікті мамандар мен кадрлар даярлауын және бұл мамандар жоғарғы оқу орнын бітірген білім жүйесінде, ғылыми-зерттеу секторында жұмыс жасай алады. Терең ғылыми және педагогикалық біліммен қаруланған мамандардың даярлығын төмендегідей көрсетуге болады:

- магистрлер дайындауды жүзеге асыратын ғылыми-зерттеулер ұйымдарының және жоғарғы оқу орындарының жұмыс нәтижесін жоғарылату;

- магистранттардың оқулық, ғылыми-зерттеу және педагогикалық жұмыстарын дербес түрде жүргізуіне ынтасын арттыру.

- Қазақстан Республикасының халықаралық білім игеру аумағындағы "магистр" дәрежесін беру жөніндегі құжаттармен қамтамасыз ету және халықаралық еңбек рыногында да іске асыру.

6M060700 – "Биология" мамандығы бойынша білім беретін магистрлік бағдарламаның міндеттері:

- білімнің жеке бағытын таңдау;

- биологияның әртүрлі бағытында практикалық жеке теориялық дайындықты тереңдетіп түсіне білу, ол мемлекеттік және рынок, кафедраның практикалық және ғылыми жұмыстарымен, магистрлерді дайындап және педагогикалық қызметтерінің талаптарымен байланыстыруға себепші болады.

- негізгі және маңызды білімдерді игеру, ол әлемнің ғылыми сипаты жөнінде және биосфера туралы бүгіндей түсінікпен қамтамасыз етеді;

- оқу кезінде тұрақты түрде өзін-өзі дамытуға және білімді жете меңгеруге ұмтылу, жаңа білімді дербес түрде игеруге дағдылану оның қажеттілігін жете түсіну;

- мамандарды жалпы кәсіптік мәдениеттің жоғарғы деңгейінде дайындау, атап айтқанда азаматтық позициядағы қатынас мәдениеті қазіргі замандағы ғылыми және тропикалық мәселелерді шешіп, оны қалыптастыруға қабілетті болу, жоғарғы оқу орындарында оқытушы болуға, зерттеу, өндірістік, ұйымдастыру және басқару қызметтерін еркін меңгере білуге дайындау;

- ғылыммен тоғысқан жердегі негізгі білімді игеру, ол ауыспалы әлемдегі кәсіптік мобилділікті қамтамасыз етеді.

- ғылыми жұмысты докторантурада жалғастыру үшін даналық және зертханалық ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру үшін дағдыларды қалыптастыру, білімді жинақтау;

- мамандарды ұйымдастыру жұмысын және менеджменттің жұмыс принциптерін игеретін, практикалық мәселелерді шешуге қабілетті етіп дайындау;

- жоғарғы оқу орыны аясындағы педагогика және психология саласындағы қажетті білім минимумын алу, ЖОО-да оқытушы болуға тәжірибе жинақтау;

- магистратурадағы оқу мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Қай тілде оқуды магистранттар өз бетінше таңдайды.

Пән аралық ара қатынасты белгілеу. Пән аралық координацияның принципі, әртүрлі пәндерге сәйкес. Студенттердің сапасына оларды қайталанбайтындай қалыптаспайтындай етіп түсіндіру заттарды және қоршаған әлемдегі құбылыстарды бүтіндей қабылдауға үйрету. Осының нәтижесінде кәсіптік қатынас сферасында жалпы

ғылыми пәндерді оқытқанда мамандық пәндерді оқытқанда да коммуникативтік құзіреттіліктің пайда болуына арналған үйлесімді жағдай жасалады.

Оқытудың кәсіптік бағытындағы принциптер оқу жоспарындағы пән бойынша студенттердің сабақ кезіндегі кәсіптік ынталарын және болашақ мамандықтың есебін қарастырады.

Кез-келген мемлекет үшін, барлық уақытта мамандарға жаратылыстану саласында ғылыми-зерттеу институттарында, ғылыми-өндірістік, жобалау, геоботаникалық мекемелерде, санитарлық-эпидемиологиялық және баға қарсы станцияларда, республикалық табиғатты қорғау департаменттерінің ведомстваларында, жоғарғы білім беру мекемелерінде, сонымен қатар колледж және гимназияларда биология оқытушысы ретінде жұмыс жасауы үшін негізгі білімді практика жүзінде дайындап беруге деген қажеттілік өзекті мәселе болып есептеледі.

Қазіргі замандағы білім беру жағдайына сәйкес компетенттілік өзекті мәселе болып есептеледі.

Осы ережеге байланысты бұл бағдарламаны ендіру мақсатына келесі жағдайлар ендіріледі:

1. жоғарғы оқу орнының болашақ оқытушыларына негізгі кәсіптік құзіреттіліктерді қалыптастыру;

2. магистранттардың оның барлық этаптарында тәжірибе жүргізу аясындағы дербес ғылыми зерттеу жұмыстары үшін алдын-ала жағдай жасап қою;

3. ғылыми-техникалық ақпараттармен жұмыс істей білу, кәсіптік жұмысында отандық және шетелдік тәжірибелерді пайдалану, қазіргі қолданылып жүрген концепцияларды, идеяларды және тәсілдерді процестерді талдау кезінде сын көзбен қарау, жоғарғы оқу орнының педогогикалық және психологиялық білімін өзінің педогогикалық қызметінің мамандығының аясында пайдалануға үйрету.

1.2 Білім беру бағдарламасына сипаттама

Бұл білім беру бағдарламасы мемлекеттің жалпы міндетті стандарты негізінде жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейінгі білім беру бағдарламасы болып табылады, ол Қазақстан Республикасының қаулысы бойынша, 23.08.2012 жылы 1080- бекітілген, ол білім құрамының талабына сәйкес (мазмұнының) оқудың көлеміне және жаратылыстану ғылымының 6M060700 – "Биология" мамандығы бойынша магистрлердің дайындық деңгейін көрсетуге арналып жасалған.

6M060700 – "Биология" мамандығы бойыншы білім беру бағдарламасы "Жаратылыстану ғылымына" оқу бітіріп отырған мамандарға қажетті бағыттағы негізгі құзіреттіліктің қалыптасуына деген жаңа тәсілді ұсынды.

Білім беру бағдарламасы ғылыми, ғылыми – педагогикалық және басқару кадрларына «магистр» деген академиялық дәрежені беріп дайындауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы ұлттық жүйенің ЖОО-ның бітіргеннен кейінгі білімін Болондық процеске қосуға арналған мүмкіндікті және жағдайды жасауға бағытталған, бұл жағдай, оны Европалық және халықаралық білім кеңістігіне үйлестіруге мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасы ұлттық білім беру бағдарламасын халықаралық деңгейде танытуды қамтамасыз етеді, оқытушылардың және профессорлық-оқытушылық құрамының академиялық мобильділігі үшін жағдай жасауды, білімді ұйымдастыруды, сонымен қатар, білімнің сапасын жоғарлатуды қамтамасыз етеді.

6M060700 – «Биология» мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы оқу-әдістемелік құжаттардың және материалдардың комплексі болып табылады, олар білім беру бағдарламасын дайындау бағытына сәйкес жоғарғы оқу орнының тарату жағдайын және игеру жағдайының талаптарын анықтайды.

Білім беру бағдарламасы мамандарды дайындау моделінің құзыреттілігі негізінде жасалған, ол еңбек рыногының және жұмыс берушілердің қажеттілік талаптарын қамтамасыз етеді. Бұл беріліп отырған модель оқу бітірушілердің құзіреттіліктің негіздерін сипаттайды, олардың нақты кәсіптік қызметтерді орындауға деген дайындығын және дайындық деңгейін көрсетеді.

6M060700 – «Биология» мамандығының білім беру бағдарламасы бойынша кадрлерді дайындау келесі траекториялар бойынша жүзеге асады:

А. Мекемелерде және ғылыми-зерттеу институттарында, жоғарғы оқу орындарында, колледждерде, гимназияларда биология пәнінің оқытушысы;

Б. Табиғат және экологияны басқару орындарының, геоботаникалық және жобалау мекемелерінің, білім беру бөлімдерінің маманы;

В. Табиғатты және экологияны қорғау саласындағы ғылыми-зерттеулерді орындаушы ғылыми қызметкері.

Модульдік білім беру бағдарламасын игеру мерзімі күндізгі оқу формасы үшін жоғарғы білім негізінде жоғарғы оқу орынынан кейінгі білімнің жалпы міндетті білім алу мемлекеттік стандартына сәйкес ҚР-ның үкіметінің қаулысымен бекітілген 23.08.2012 жылы №1080 және мамандықтың типтік оқу жоспары бойынша ҚР-ның ҒБМ-нің бұйрығымен «Мамандық бойынша жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім алудың типтік оқу жоспарларын бекіту бойынша» 16.08.2013 ж. № 343 – бекітілген. (14-қосымша, Типтік оқу жоспарларының мамандық бойынша жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім тізбесі), ол 6M060700 – «Биология» мамандығы бойынша 2 жылды құрайды.

Оқытудың кәсіптік бағыттағы принципі – (мамандықты есепке алу) болашақ мамандықты есепке алу және оқытушылардың оқу жоспарларындағы пәнге деген кәсіптік ынтасын қарастырады.

Магистратураның білім беру бағдарламасы модульдік оқыту принципіне сәйкес құрастырылған.

Магистратураның білім беру бағдарламасы білімнің мазмұнын анықтайтын әртүрлі оқу және ғылыми жұмыстардың мазмұнымен құрылады.

Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны құралады:

- 1) теориялық оқыту, базалық және бейімдеу пәндерінің циклдерін қамтиды;
- 2) магистранттарды практикалық дайындау: практиканың түрлері және мамандық бойынша біліктілігін арттыру;
- 3) ғылыми-зерттеу жұмыстары, оның ішіне магистрлік диссертацияны орындау да кіреді, – профильді магистратура үшін;
- 4) – профильді магистратура үшін магистрлік диссертацияны орындау үшін эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- 5) Аралық және қорытынды аттестациялау.

Білім бағдарламасын іске асыру мамандықтың оқу-әдістемелік кешені және оқу пәндері арқылы жүргізіледі. Мамандықтың оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, формасы және оның ретін білім беру мекемесі өз бетінше анықтайды.

6M060700 – «Биология» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасында мына жағдайлар қарастырылады, оқу бітіруші мамандық бойынша негізгі ғылыми және кәсіптік дайындықтан өтуі тиіс. Қазіргі заманауи технологияларды игере білуі керек, ғылыми ақпараттарды алу, өндеу және сақтау әдістерін білу, заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді шешуді және жасауды білу, ғылыми – зерттеу жұмыстарын, осы алған мамандық бойынша тәжірибелік зерттеу жұмыстарын жүргізу, ЖОО-да оқытушы болу және арнаулы оқу орындарында осы кәсіпке сәйкес қызметтерін табысты түрде жүзеге асыра білуді үйрету.

Биология ғылымының әлемде және Қазақстандағы даму жағдайы жөнінде түсіне білу; Қазақстандағы биологиялық ғылыми мекемелер жөнінде білу; Ғылымның және инновацияның әлемдегі рөлі; рыноктық экономиканың және менеджменттің базалық

зандары жөнінде білу; Қазақстандағы экономиканың инновациялық даму механизмдерін және принциптерін білу; жоғарғы мектептің педагогикасының заманауи әдістемеліктері жөнінде; өзінің әлеуметтік, экономикалық, кәсіптік ролінде сезіну.

6M060700 – «Биология» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының сипаттама, білім берудің екінші деңгейі бойынша (магистратура) кәсіптік маңызды және жеке бастың сапасын үйлестіретін комплексті көрсетеді, бұл білімнің әрбір деңгейіндегі ғылыми және педагогикалық қызметтің компетенттілік дәрежесін анықтайды.

1.3 Мамандарды болашақта жұмысқа орналастыру

6M060700 – «Биология» мамандығын бітіруші таңдап алған білім траекториясына сәйкес келесі жұмысқа қамту аясында қызмет жасау мүмкіншілігі бар:

1. Білімі (ЖОО-ы, колледждер, гимназиялар);

2. Басқармалар (аудандық және облыстық әкімшіліктердегі экологиялық бөлімдер, салалық зертханалар, бөлімдер, секциялар, секторлар, республикалық табиғатты қорғау департаменттерінің ведомстволары, ғылыми-зерттеу, өндірістік, медициналық, ауылшаруашылықтық, фармацевтикалық, әкімшіліктік, сараптамалық, табиғатты қорғау мекемелері т.б.).

3. Ғылым (ғылыми-зерттеу институттары, қорықтар, зообақтар, өсімдік қорғау станциясы, санитарлық-эпидемиологиялық және обаға қарсы станциялар, селекциялық және тұқымды сынақтан өткізетін станциялар, ботаникалық бақтар, табиғат мұражайы, ғылыми-өндірістік жобалау және геоботаникалық мекемелер және т.б.).

1.4 Бітірушілерге біліктілік сипаттамасы

Жалпы қойылатын талаптар.

- Магистратураны бітіруші негізгі ғылыми және кәсіптік дайындықтан өтуі тиіс, қазіргі заманауи ақпараттық технологияны игеруі керек, оған ғылыми ақпаратты сақтау, өңдеу және алу әдістері кіреді, қазіргі замандағы ғылыми және практикалық мәселелерді шешу және оны жасай білуі керек, осы мамандық бойынша ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-зерттеу жұмыстарын жоспарлап жүргізе білуі тиіс, ЖОО-да оқытушы болып қызмет атқару, зерттеу және басқару жұмыстарын табысты түрде жүзеге асыра білу.

- Магистратураны бітірушілердің білімділік дәрежесі олардың жалпы білім деңгейін көрсетеді және ол мынаған сәйкес болуы керек:

- Әлеуметтік жеке құзіреттіліктерге;

- Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзіреттіліктерге;

- Кәсіптік құзіреттіліктерге;

- Арнаулы құзіреттіліктерге;

- Әлеуметтік, экономикалық, кәсіптік рөлдерді алмастыруға, географиялық және әлеуметтік мобильділікті ауыспалы динамикалық жағдайда ауыстыруға дайын болу.

- тілдер құзіреттілігі (қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілдері).

1.4.1. Кәсіби қызмет саласы

6M060700 – «Биология» мамандығы бойынша жаратылыстану ғылымдары магистрінің кәсіби қызмет саласына мыналар жатады:

- білімі (жоғарғы оқу орнының оқытушысы, орта мектептегі, лицей, гимназия, колледждегі биология пәнінің мұғалімі);

- басқармалары (аудандық және облыстық әкімшіліктегі экология бөлімі, салалық зертханалар, бөлімдер, секциялар, секторлар, республикалық табиғатты қорғау департаменттерінің ведомстволары, ғылыми-зерттеу, өндірістік, медициналық, ауылшаруашылық, фармацевтикалық, әкімшіліктік, сараптамалық, табиғат қорғау мекемелері және т.б.);

- ғылым (ғылыми-зерттеу институттары, қорықтар, зообақтар, өсімдік қорғау станциясы, санитарлық-эпидемиологиялық және обаға қарсы станциялар, селекциялық және тұқымды сынақтан өткізетін станциялар, ботаникалық бақтар, табиғат мұражайы, ғылыми-өндірістік жобалау және геоботаникалық мекемелер және т.б.);

- білікті маман ретінде білім беру мекемелерінде оқу процесін үш тілде жүргізе білу (ғылыми-зерттеу институттарында, қорықшаларда, зоопарктерде, өсімдіктерді қорғау стансаларында, санитарлық-эпидемиологиялық және оба станцияларында; селекциялық және іріктемелерді сынақтан өткізу стансалары, ботаникалық бақтар, дендрариилер, табиғат мұражайлары; ғылыми-өндіріс, жобалау және геоботаникалық мекемелерде және т.б.).

1.4.2. Кәсіби қызмет нысаны

6M060700 – «Биология» мамандығы бойынша жаратылыстану ғылымдары магистрлік білімнің кәсіби қызмет нысандарына білім беру нысандарына білім беру ұйымдары жатады: жоғарғы оқу орындары, жалпылама орта және кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары, мамандандырылған орта мектептер, лицейлер, колледждер, гимназиялар, ғылыми-зерттеу институттары, қорықтар және зообақтар, ботаникалық бақтар және дендрарий, өсімдік қорғау станциясы, санитарлық эпидемиологиялық станциялар, экология басқармасы және бөлімдері, салалық зертханалар, бөлімдер, секциялар, секторлар, ғылыми-зерттеу, өндірістік, медициналық, ауыл-шаруашылықтық, фармацевтикалық, әкімшіліктік, сараптамалық, табиғат қорғау мекемелері және т.б.

1.4.3 Кәсіби қызмет мәні

6M060700 – «Биология» мамандығы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрлерінің кәсіби қызмет мәніне мыналар жатады: жаңа әдістерді және тәсілдерді қолдана отырып оқыту және тәрбиелеу, мамандандырылған жабдықтарды материалдарды пайдалана отырып, зерттеудің жаңа әдістерін қолдану, қазіргі заманауи кеңселік жабдықтарды басқару қызметі, әртүрлі деңгейде қатынас жасай білу, қызмет сферасындағы мәселелерді білу, міндеттерді білу және т.б. Сыныптарда және аудиторияларда көрнекі құралдармен және жабдықтармен жұмыс жасау, оқу-әдістемелік құралдармен және оқулықтармен, кеңсе заттарымен және әртүрлі қосалқы материалдармен жұмыс жасау, агробиостанция және юннаттық станциялармен және т.б. жұмыс жасау.

1.4.4 Кәсіби қызмет түрі

6M060700 – «Биология» мамандығы бойынша магистрлер кәсіби қызметтің келесі түрлерін атқара алады:

1. Педагогикалық жұмыс – әртүрлі оқу орындарында (мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер, жоғарғы оқу орындарында) биологиядан сабақ беретін мұғалім ретінде жұмыс жасайды.

2. әртүрлі оқу орындарында биология пәнінің мұғалімі ретінде (педагогикалық) білім беру жұмысы (мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, колледждерде және т.б.).

3. Ғылыми-зерттеу саласында – профильдік пәндер бойынша әртүрлі ұйымдарда ғылыми-зерттеулерді орындау (ботаника, зоология, анатомия, физиология, биохимия, генетика, биотехнология).

4. Жобалау жұмысы – жалпылама және мамандандырылған жұмыстарды жобалау және конструкторлық ұйымдарда орындау (көгерту, суғару, қайтадан құру, жоспарлау, мысалы: агробиостанцияда, юннаттық станцияда, дендрарийде, табиғи мұражайда, ботаникалық бақтарда т.б.)

5. Әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік құрылымдағы өндірістік басқару қызметтері (білім бөлімінде, әкімшілікте, биологиялық және химиялық бағыттағы зертханаларда).

6. Биологиялық профильдегі өндірістерде ұйымдастыру технологиялық қызметі (санитарлық-эпидемиологиялық станцияда, өсімдік және жануарлар өнімдерін өндейтін өндірістерде және жоғарғы оқу орындарында).

7. Табиғатты қорғау бойынша, арнайы шараларда сарапшы қызметін атқарады (биомедициналық, биологиялық сараптама және мониторинг, аумақтық биоресурстарды қалпына келтіру және бағалау, жобалық, сметалық және есептеу құжаттарын жасау кезінде кеңес беру және құрастыру, ғылыми-техникалық жобаларды және патенттік жұмыстарды дайындау).

8. Мамандандырылған мекемелерде табиғатты қорғау жұмысы (қорықтар және табиғи саябақтар, зоопарктер, өсімдік қорғау станциясы, санитарлық-эпидемиологиялық және чумаға қарсы станция, селекциялық және сортты сынақтан өткізетін станция, ботаникалық бақтар, дендрарий, табиғат мұражайы).

9. Семинарлар немесе конференцияларды ұйымдастыру кезінде әдістемелік қызмет көрсету (әдістемелік материалдарды және мақалаларды дайындау, нормативтік әдістемелік құжаттарды дайындау).

1.4.5 Кәсіби қызметтің функциялары

БМ060700 – «Биология» мамандығы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрінің кәсіби қызметінің функцияларына мыналар жатады:

- педагогикалық қызметті ұйымдастыру және дамыту;
- алған білімді оқыту процесі кезінде дұрыс қолдану;
- өсіп келе жатқан ұрпақты өздігінен дамуға және еркін бағдарлай білуге үйрету;
- оқу-әдістемелік әдебиеттерді жаңартып және жетілдіріп отыру;
- білім мекемелерінде педагогикалық қызметті жүзеге асыру;
- оқытудың әдістерін және технологиясын жетілдіріп отыру;
- биологияның әртүрлі салаларындағы жоғарғы мектеп педагогикасы аумағындағы зерттеудің өзекті бағыттарын көрсету;
- оқу процесін ұйымдастыру бойынша кеңестік көмек беру, биология пәнін оқыту әдісі және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мәселесіне кеңес беру;
- оқу орнын басқару қызметінде, мамандандырылған үйірмелер, секциялар, зертханалар, бөлімдер ұйымдастыру саласында жұмыс жасау;
- білім мекемелеріне кеңестік және ұйымдастыру жұмыстарына көмек беру, бұл жерде, далалық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу, мамандыққа байланысты білімді пайдаланып өндірістік жұмыстарды атқару;
- құрылымдық бөлімдердің, қоғамдық ұйымдардың мамандандыру саласындағы жұмыстарын үйлестіру;
- мамандарды ұйымдастыру жұмысының және менеджменттің жұмыс принциптерімен таныстыру, оларды практикалық мәселелерді дербес шеше білуге дайындау;
- әртүрлі пәндер шеңберінде алған білімдерін біріктіріп, жаңа таныс емес жағдайларда басқару міндеттері мен аналитикалық шешімдерде пайдалана білу;
- мекемелердің шаруашылық іс-әрекетіне микроэкономикалық анализ жүргізу және оның нәтижесін мекемені басқаруда (қолдану) пайдалану;
- маркетинг пен менеджментті ұйымдастыру практикасында жаңаша үрдістерді қолдану;
- мекеменің (фирманың) шаруашылық әрекеттерін ұйымдастыру мен басқару аясындағы күрделі және қалыптан тыс жағдайларда шешім қабылдай білу;
- экономикалық қатынастарды реттеу аясында іс жүзінде ҚР-ның заңнамалық нормаларын қолдану;
- заман талабына сай практикада сабақ беруді үш тілде жүргізу.

1.4.6 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері

БМ060700 – «Биология» мамандығы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрінің кәсіби қызметіндегі типтік міндеттеріне мыналар жатады:

- білімнің дербес бағытын таңдау;
- биологияның әртүрлі бағыттарындағы теориялық және практикалық дайындықты тереңдетіп зерттеу, ол мемлекеттің және рыноктың, кафедрадағы ғылыми және практикалық қызметтің қажеттілігін байланыстыруға себепші болады, ол магистрлердің және педагогикалық қызметтердің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді ;
- әлемдік ғылыми сипат жөнінде және биосфера туралы бүтіндей түсінікті қамтамасыз ететін ең маңызды және негізгі білімді игеру;
- тұрақты түрде өзін-өзі дамытуға және жетілдіру ұмтылу жаңа біліммен творчестволық өсуге, оның қажеттіліктерін және дағдыларын қалыптастыруға белсенді түрде ынталану;
- мамандарды жалпы кәсіптік мәдениетке жоғарғы деңгейде дайындау, атап айтқанда, азаматтық позициядағы қатынасу мәдениетін үйрену, заманауи ғылыми және практикалық мәселерді жасауға және шешуге қабілетті болу, жоғарғы оқу орындарында оқытушы болу, зерттеу, өндірістік ұйымдастыру және басқару қызметтерін табысты түрде іске асыру;
- ғылыммен тоғысатын негізгі білімді игеру, ол ауыспалы әлемде кәсіптік мобильділікті қамтамасыз етеді;
- ұйымдастыру дағдыларын үйрену және далалық және зертханалық ғылыми зерттеулерді жүргізу, докторантурада ғылыми жұмысты жалғастыруды жүзеге асыру үшін қажетті білімді жинақтау;
- ұйымдастыру жұмысын және менеджменттің принциптерін игерген, практикалық мәселелерді шешуге қабілетті мамандарды дайындау;
- жоғарғы оқу орнындағы педагогика және психология саласындағы қажетті білімді алу, жоғарғы оқу орнында оқытушы болудың тәжірибесін игеру;
- стандартты ғылыми және кәсіби міндеттерді шешу;
- кәсіпорынның және ұйымның экономикалық көрсеткіштерін басқару және ұйымның практикалық мәселелерін шешуде ғылыми тұрғыда сараптама жүргізу.

1.4.7 Кәсіби қызметтің бағыттары

- жеке бастың жан-жақты дамуын қалыптастыру және тәрбиелеу;
- биология саласындағы білімді жетілдіру;
- оқу процесін заманауи ғылыми деңгейде ұйымдастыру;
- заман талабына сай оқу процесін үш тілде ұйымдастыру.
- өндірістік қызметті және ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру;
- салалық институттарды профильдік дайындық кезінде пайдалану, өндірістік, медициналық, фармацевтикалық, ауылшаруашылық, әкімшіліктік, сараптамалық, табиғат қорғайтын мекемелер, қорықтар, зообақтар, өсімдік қорғау станциясы, санитарлық-эпидемиологиялық және чумаға қарсы станциялар, селекциялар және сортты сынақтан өткізетін станциялар, ботаникалық бақтар, дендрарий, табиғат мұражайы;
- тағамдық және өңдеу өнеркәсіптерінің кәсіпорындары;
- ғылыми-өндірістік жобалау және геоботаникалық мекеме;
- аудандық және облыстық әкімшіліктегі экология басқару және бөлімдері;
- салалық зертханалық, бөлімдер, секция, секторлар, республикалық табиғатты қорғау департаментінің ведомстволары, бақылау аналитикалық қызмет мекемелері, стандарттау және сертификациялау орталықтары, мектептер, колледждер, гимназиялар және т.б.

1.4.8 Кәсіби қызмет мазмұны

6M060700 – «Биология» мамандығы бойынша білім беру бакалаврының кәсіби қызметінің мазмұны білім беру траекториясының аясы төмендегідей:

«Мекемелерде және ғылыми-зерттеу институттарында, жоғарғы оқу орындарында, колледждерде, гимназияларда биология пәнінің мұғалімі»: әртүрлі оқу орнындарында биология пәнінің мұғалімі ретінде қызмет жасау (мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер, жоғары оқу орнындарында және т.б.); үш тілді меңгеру; білім беру орындарында сабақтарды үш тілде өткізу; заманауи биологияның даму тенденциясы мен негізгі даму динамикасын бағамдау; педагогика және психология әртүрлі оқу орнындарында (мектептер, гимназиялар, лицейлер, колледждер және т.б.), аясында іс әрекеттің әдіс-тәсілдерін меңгеру; ұжымның ғылыми әрекетінің менеджментімен ынталандыру; кәсіби, ғылыми, ғылыми-педагогикалық әрекеттерді жүзеге асыру және жобалау; білім беру процесінде заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану; тәрбие жұмысарын жүргізу; дидактиканың, әдістеменің, заманауи биологиялық ғылым аясында білімді жаңғыртуды ұйымдастыру; шебер педагогтардың тәжірибелерін қолдану және тарату, жинақтап қорыту және оқып білу.

«Табиғат және экологияны басқару орындарының, геоботаникалық және жобалау мекемелерінің, білім беру бөлімдерінің маманы»: жобалау және құрастыру ұйымдарында жалпы және арнайы өңдеулер мен жобаларды орындау (агробиостанциялар және юнат станцияларын көгалдандыру, ылғалдандыру, қайта құру, дендрарийлер, табиғат мұражайларында, реконструкциялау, жоспарлау, ботаникалық бақтарда және т.б.); әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік құрылымдарды, биологиялық бейінді өндірістерді басқару (білім беру бөлімдері, әкімшілік, биологиялық және химиялық бағыттағы зертханаларда және т.б.); аймақтық биоресурстарды қалпына келтіру және бағалау; есептік құжаттарды жобалау, бағалау жобаларын құрастыру және кеңес беру; мамандықтың білімін пайдалануға байланысты далалық өндірістік жұмыстарды жүргізу және ұйымдастыру жайында білім беру мекемесіне кеңес беру және ұйымдастыру; заманауи биологияның даму тенденциясы және негізгі жетістіктерінің динамикасын бағамдау; мұражайларда дендрарийлерде, өсімдіктерді қорғау станцияларында және ботаникалық бақтарда практикалық жұмыстарды жүзеге асыру; жоғары оқу орнында педагогика аясында жұмыс жүргізу; ұжымның ғылыми әрекеттерін ынталандыру және басқару.

«Табиғатты және экологияны қорғау саласындағы ғылыми-зерттеулерді»: қоршаған ортаға антропогендік әсерлермен байланысты экологиялық жүру заңдылықтарына талдау жасау; адамның шаруашылық әрекетіне байланысты салдарларына талдау жасау; қоршаған ортаның ластану көздерін анықтау; ғылыми-зерттеулер жүргізу; заманауи өндірістік және зертханалық құрал-жабдықтармен жұмыс жасау, тірі ағзалардың маңызды қоспаларын талдау және оның тіршілік әрекетін зерттеу; қызметкерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік ету және оны ұйымдастыру; ғылыми аппараттарды ойлап табу, жасау, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін бағалау; зерттеу нәтижелерін жариялау; негізгі таксондардың өкілдерінің экологиясын және оның географиялық таралуын танып білу; ғылыми аппараттарды ойлап табу, жасау, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін бағалау; табиғатты үнемді пайдалану және табиғатты қорғау аясындағы іс-әрекетті ұйымдастыру, экологиялық экспертиза жүргізу, жобалау және өндірістік міндеттерді шешу; табиғатты қорғау іс-шараларын жүзеге асыру және жобалау; зертханалық зерттеулермен экспедициялық жұмыстарды ұйымдасу және орындау.

2 Оқыту нәтижесі және негізгі құзырет

Дублиндік дескрипторларды есепке ала отырып, оқыту нәтижесі бойынша 6M060700 – «Биология» мамандығы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрі келесі қабілеттілік және дағдыларды игеруі керек:

Білу және түйсіну (Дескриптор А):

- жоғары білім деңгейінде алған дамытушылық білімдері мен түсініктерін жиі ғылыми зерттеу контекстінде көрсете білу, олар өзіндік даму мен ойларды ғылыми зерттеулерде көрсете білудің мүмкіншілігі, негізі болып табылады;
- ғылыми таным әдістемелерін: ғылыми қызметті ұйымдастыру құрылымын және оның принциптерін білу;
- оқыту процесі кезіндегі студенттердің танымдық психологиясын түсіну;
- оқу сапасының әсерін жоғарылату үшін психологиялық әдістерді және тәсілдерді қолдану;
- жоғарғы мектеп оқытушысының кәсіптік терең біліктілігі жөнінде;
- глобалдану процестерінің әлеуметтік экономикалық салдарлары және оған қарама-қарсы пікірлер жөнінде;
- заманауи білім беру технологияларының мәселелері;
- Қазақстандағы және әлемдегі биология ғылымының даму жағдайы жөнінде;
- Қазақстандағы биологиялық ғылыми мектептер жөнінде, инновациялық әлемдегі ғылымның рөлі;
- рыноктық экономика және менеджменттің базалық заңдары туралы, Қазақстан экономикасының инновациялық даму механизмдері, принциптері, оның міндеттері;
- жоғарғы мектептің заманауи педагогикалық әдістемеліктері жөнінде;
- психологиялық ғылымның жетістіктері;
- өзінің әлеуметтік, экономикалық, кәсіптік рөлін жете түсіну;
- табиғат түсінігі, қоғам және табиғат, биология ғылымының мәселелері және концепцияның бірлескен әсері және қатынасы;
- мамандану аясындағы негізгі ғылым негіздері; тірі организмдердің тіршілік әрекетіндегі заңдылықтарының механизмдері және маңыздылығы (микроорганизмдер, өсімдіктер, жануарлар);
- заманауи биологияның даму тенденциялары және негізгі жетістіктері;
- қазіргі замандағы зертханалық және өндірістік жабдықтардың құрылымы және жұмыс принциптері;
- тірі организмдердің ең маңызды байланыстарына анализ жасау әдістері және олардың тіршілік әрекеттерін зерттеу процестерінің әдістер;
- биологтың ғылыми және кәсіптік қызметінің технологиясы;
- кәсіптік және ғылыми этиканың негізгі ережелері және оны қызмет барысында пайдалана білу;
- жаратылыстану концепциясы, ғылыми көзқараспен қарағандағы жаратылыстану ғылымының орны.

Білімді қолдана отырып, түсіну (Дескриптор В):

- оқу аясына байланысты білімді түсінікті және таныс емес жағдайларда, ауқымды контекстік және кең көлемді шеңберде (пәнаралық) қабілеттілікті, білімді қолдана білу;
- ғылыми стандарттық және кәсіптік мәселелерді шешу кезінде;
- оқу тәрбиелік процесте, заманауи технологияны пайдаланып оқытқанда, атап айтқанда, ақпараттық;
- кәсіптік педагогикалық және әлеуметтік мәселелерді және тапсырмаларды шешу кезіндегі шешім қабылдағанда, ол оқытумен және биологиялық пәндермен байланысты оны заманауи талаптарға сәйкес жүргізу;
- мұражайларда, дендросаябақтарда, өсімдікті қорғау станцияларында және ботаникалық бақтардағы практикалық жұмыс кезінде;
- есептеу комплекстерін және заманауи аппаратураларды пайдалана отырып, далалық және зертханалық жағдайда биологиялық және экологиялық зерттеулерді орындау және жобалау кезінде;
- нормативтік құжаттармен жұмыс кезінде, олар биологиялық жұмыстардың өндірістік технологиялық және ғылыми зерттеуді жүргізудің әдістерін және ұйымдастыруды

белгілейді;

- мамандыққа сәйкес өзекті мәселе бойынша ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу кезінде;
- зерттеу барысында пайда болған жаңа міндеттерді қалыпқа келтіру кезінде;
- жаңа теорияларды, модельдерді зерттеу әдістерін жаңа әдістемелік тәсілдерді игеру кезінде;
- биологияны оқыту барысында және білім беруде орыс тілін, ағылшын тілін қолдана білу (сөз, дыбыстау, оқу, жазу) ауызша және жазбаша формаларын әрекетте пайдалану.

Пікір айтуды қалыптастыру (Дескриптор С):

- автоматтандырып теру әдісін және ақпараттарды өңдеуді қазіргі замандағы әдістерді қоладана отырып, жинақтау және ол мәселе жөніндегі ақпараттарды талдау кезінде;
- биология ғылымының даму тенденциясын және заңдылықтарын есепке ала отырып, нәтижелі шешім қабылдау және оны өмірге ендіру кезінде;
- жүргізілген жұмысты оқыту, тәрбиелеу және оқушыларды дамыту жағдайындағы талдау жасаған кезінде;
- биологиялық құбылыстарды жүйелеу және талдау кезінде;
- биология ғылымының қазіргі замандағы даму тенденциясы аумағындағы зерттеу сапасын бағалау кезінде;
- әлеуметтік альтернативтерді жауапты түрде таңдау кезінде;
- әдістемелік және философиялық мәселелерді, жаратылыстану ғылымының өзекті мәселелерін шешу кезінде (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық)
- осы концепцияны теорияны, және тәсілдерді процестер және құбылыстарға қарап, сынап талдау;
- білімді интеграциялау, күрделі мәселелерді шешу және толық емес, шектеулі ақпарат негізінде пікір беру, этикалық және әлеуметтік жауапкершілікті есепке ала отырып, пікірлер мен білімді қолдана білу;
- мамандарға және маман еместерге нақты және анық өзінің тұжырымдамаларын, білімін хабарлап, оның негіздемесін беру.

Коммуникативтік қабілеттілік көрсету (дескриптор Д):

- оқытудың интерактивтік әдісін қолдану;
- қазіргі замандағы ақпараттық технологияны қатыстыра отырып, информациялық аналитикалық және библиографиялық ақпараттық жұмыстарды жүргізу;
- жаңа мәселелерді және жаңа жағдайларды шешуге творчестволық жағдайға келу және креативті түрде ойлау;
- шешендік өнерді және ғылыми түрде ойлануды меңгеру;
- командада әлеуметтік әсерді қалыптасыру, бұл жерде бірге жұмыс жүргізе отырып, өзінің көзқарасыңды пікірталас кезінде дәлелдей білу, оның биологиялық және әлеуметтік, гуманитарлық тақырыпта да айта беруге болады;
- шешендік өнерді меңгеру ауызша және жазбаша сөздердің сауатты болуға назар аудару, өзінің жұмысының нәтижесін көпшілік алдында көрсете білу, бірдей формаларды таңдап алу және оқушылардың мотивациялық сферасын дамыту машығында сыйға тарту әдісін қолдану, олардың биология саласындағы ғылыми зерттеу жұмыстарына деген ынтасына назар аудару;
- өзінің пікірімді нақты және түсінікті түрде өткізе білу және біліміңді мамандарға маман еместерге дәлелдей білу;
- білім беру процесінде қазіргі замандағы ақпараттық технологияларды пайдалану;
- ғылыми қауымдастық пен және әріптестермен жалпы бүтіндей қоғаммен өзінің кәсіптік біліміңнің аясында өзіне байланысты тақырыпта кәсіптік бағытта қатынас жасау;
- қазіргі замандағы компьютерлік технологияларды жинау, сақтау, өңдеу, талдау және мамандандырылған ақпараттарды беруге творчестволық түрде қолдануға болады;

- білімді үзбей жаңартып отыруды қамтамасыз ету әдістерінде, кәсіби дағдылар мен біліктіліктің аясын кеңейтуде.

Оқыту дағдыларына және оқуға деген қабілеттіліктің болуы (**Дескриптор Е**):

- кәсіптік және ғылыми шешім қабылдауда өзіңе жауапкершілікті алу;
- ғылыми жұмыстарды бірге жүргізу;
- өзіңнің алдағы кәсіптік дамуыңды жоспарлау;
- жоғарғы оқу орны деңгейінде алған кәсіптік біліміңді және түсінігіңді көрсете білу; бұл жағдайлар, өзіңнің дамуыңның, пікір қабылдауыңның негізі болып табылады және оны ғылыми-зерттеуде жиі қолдануға мүмкіндік береді;
- өзіңнің біліміңді, түсінігіңді және жаңа немесе таныс емес мәселелерді шеше білуге деген қабілетіңді контекстерде және кең ауқымды аумақтарда, өзіңнің зерттеу салаңа байланысты қолдана білу;
- өзіңше таратуды, өзіңше ұйымдастыруды және өзіңше ақталу тәсілдерін меңгеру;
- дербес тұлғалық және кәсіптік өсуге дайын болу.

6M060700 – «Биология» мамандығы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрі төмендегідей құзыреттіліктерді меңгеруі қажет:

Әмбебап құзіреттілік (ӘҚ)

ӘҚ-1 Тілдердің үшбірліктік саласындағы құзіреттіліктер

- Өзіңнің ойыңды еркін әрі дұрыс түрде жеткізе білуге қабілетті болу, сонымен қатар, ғылыми мақалаларды, техникалық тексттерді және құжаттарды аударма жасай білу. Тілді білуді интеграция жасау және оны дұрыс, үйлесімді түрде байланыстырып ауызша және жазбаша түрде көрсете білу.

- Құрылымдық әңгіме жасауға деген қабілеттілік, жартылай мәдениетті, полиэтикалық және көп конфессионалдық қоғамда, педагогикалық бірлесіп қызмет етуге қабілетті болу.

- Тілдерді, халықаралық-кәсіптік қатынастағы мамандандырылған терминдер аясында коммуникация тәсілі ретінде меңгере білу, оны оқу, ғылыми, кәсіптік және қатынасудың әлеуметтік-мәдениет аумағында жүзеге асыра білу.

- Шетелдік тілдердегі ақпараттарды монологтық және әңгімелік ауызша және жазбаша тексттерден алып оны қабылдай білуге деген қабілеттілік; сұхбат алу, лекция, презентация, телефонмен сөйлесу, ол кәсіптік және жалпы ғылымдық қатынаста болуы мүмкін.

- Қазақша, орысша және шет елдік тілдерде ақпараттарды толық және нақты түрде түсіне білуге ұмтылу, жазбаша түрде ақпарат көздерінен реферат жазуды үйрену.

- Кәсіби деңгейде бір тілден кем емес шет тілін білу.

ӘҚ-2 Ақпараттық-коммуникативтік құзіреттілік

- Келісілген шешімдерді жұмысты ұйымдастыру және бірігіп істеу әдістерін қолдана отырып жауапкершілікті өзіңе алып атқаруға қабілетті болу.

